

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 ж. «12» сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі
Ә. Смайыловқа

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Соңғы жылдары еліміздің батыс өңірлерінде мұнай-газ кәсіпорындарында қызмет көрсететін сервистік компаниялардың жұмысшыларының ереуілдері жиі орын алуда. Күні кеше бір топ маңғыстаулық мұнайшылар, өңірде өз мәселелелері шешілмегесін Астанаға келді. Өткен жылы да осындай оқиға бас қаламызда орын алған болатын.

Сонымен қатар, кешегі сайлауалды үгіт-насихат кезінде бірнеше сервистік компаниялар «Самұрық-Қазына» Өл-Ауқат Қорының» Ережелерінің талаптарының ескіргенін және қазіргі жағдайға сәйкес келмейтінін айтып, шағымданған болатын. Мысалы, Маңғыстауда бір жауапкершілігі шектелген серіктестік жұмыссыздық белең алған Жаңаөзен қаласында, Жетібай кентінде, Мұнайлы ауданында цехтар ашып, негізінен жергілікті әйел азаматтарды тұрақты жұмыспен қамтып, мұнай компанияларына арнайы киім тігуді қолға алған болатын. Алайда, жыл сайын өтетін тендерлердің кесірінен контракт ала-алмай қалса немесе баға демпингісінен контракт сомасы едәуір төмендесе 90% жұмысшылары жұмыссыз қалайын деп отыр. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Өткен Мәжілістің жетінші шақырылымында Маңғыстаудағы жұмыссыздыққа және еңбек дауларына қатысты мәселелерді көтергенбіз. Бірақ, Үкімет, «Самұрық-Қазына», «ҚазМұнайГаз» және жергілікті атқарушы билік тарапынан жүйелі жұмыстар жасалынбады, тиісті нәтиже болмады. Ал, Маңғыстауда жарылайын деп тұрған «жара» көп. Оларды кешенді түрде

«емдеумен» айналыспаса, дау-дамай әрі қарай жалғасып, ушыға береді. Үкімет комиссиясын құру жөнінде Сізге хатта жолдадық. Оған әлі жауап бермедіңіз. Қашанғы көзді жұмып, құлақты бітеп, ауызды буып отыра бересіздер. Мәселені шешетін уақыт өтіп бара жатыр. Ертең, «қолымызды мезгілінен кеш сермедік» - деп жүрменіздер.

Сервистік және басқа да мердігер компаниялар бюджетке салығын төлеп, өздеріне инвестиция құйып, халықты тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге мүдделі, бірақ келесі факторлар: **тендерлердің әділетсіз өтуі, жемқорлық, тарифтердің төмендігі, баға демпингісі** және басқа да мәселелер оған мүмкіндік бермей отыр. Бұл өз кезегінде компаниялардағы **жалақы деңгейінің төмен болуына, әлеуметтік пакеттердің төленбеуіне, еңбек қауіпсіздігінің сақталмауына, техникалардың жаңаланбауына** себеп болып отыр. Айта кететін жайт, өткен 8-ші сәуірде күні Ақтау қаласында ереуілге шыққан «БерАли Маңғыстау Company» мекемесінің басшыларымен кездестім, жоғарыда келтірілген кемшіліктерді оларда айтты. Компанияның ресми өтініші бойынша жұмыстар жасалынып, құзырлы органдарға мәселені жан-жақты зерделеп, тиісті шешім қабылдау үшін хат жолданды.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Көтеріліп отырған мәселеде жүйелік қателіктер бар екені анық. Сондықтан 2021 жыл қабылданған «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Заңының талаптары, әсіресе мұнай-газ секторында қалай орындалып жатыр?

Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына Әл-Ауқат Қоры» өздерінің Ережелеріне келесі өзгерістерді шұғыл түрде енгізу қажет деп есептейміз.

Бірінші, баға демпингісіне шектеу қою. Мысалы тендер кезінде бағаны 10 пайыздан төмен түсірмеу керек;

Екінші, сервистік компаниялармен көпжылдық келісім-шарттарға отыру сұрағы шешілсін, яғни компаниялардың жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет.

Үшінші, тендерге шығарылатын жұмыстар мен қызметтердің қаржы көлемінде **еңбек ақы қоры және әлеуметтік пакет бөлек көрсетіліп, ол баға ойынына түспеуі керек.** Бұл жұмысшылардың дұрыс жалақы алуына, әлеуметтік жағынан қорғалуына кепілі болады және тендерді ұтып алған компаниялардағы жағдайды мемлекеттік органдар мен тапсырыс беруші тарапынан бақылап отыруға мүмкіндік туады.

Бұдан басқа өткенде дау туғызған тендерлік процедураларды жан-жақты зерттеп, егер кемшіліктер анықталса тиісті шешім қабылдамаған квазимемлекеттік мекемелердің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі қаралсын.

Сөз соңында айтпағымыз Конституцияға сәйкес еліміздің байлығы халыққа тиесілі, яғни қазба байлық тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға қызмет етуі керек.

Сондықтан «Самұрық-Қазына» Өл-Ауқат Қоры» және оның портфельдік компаниялары жаңаша, ашық, әділ жұмыс жасап, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға нақты қадамдар жасасын.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының депутаттары**

**Е. Жаңбыршин
С. Мусабаев
Е. Абдиев
Ж. Сүлейменова**

**«Ақ Жол» партиясы
фракциясының депутаты**

Қ. Иса

Парламент Мәжілісінің депутаттары

**М. Ескендіров
Д. Қасқарауов**

✉ *А. Қыдралиев*
☎ 8(7172) 74-62-02,
✉ kydralyev@parlam.kz